

Қаражал қалалық мәслихатының 2024 жылғы 9 ақпандығы № 133 "Қаражал қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2024 жылғы 10 қазандығы № 194 шешімі. Ұлытау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 14 қазанда № 150-20 болып тіркелді

Қаражал қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаражал қалалық мәслихатының "Қаражал қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" 2024 жылғы 9 ақпандығы №133 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №91-20 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 2-тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі–Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған занды тұлға;";

2) көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 6-тармағының 3) тармақшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде болған адамдарға – бір рет жан басына шаққандағы орташа кірісі есепке алынбай 30 (отыз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде. Әлеуметтік көмекке жүгіну мерзімі - жағдай туындаған сәттен бастап алты айдан кешіктірмей;";

3) көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 12-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"12. Атаулы күндер мен мереке күндеріне орай әлеуметтік көмек оны алушылардан өтініштер талап етілмей көрсетіледі.

Әлеуметтік көмекті алушылардың санаттарын ЖАО белгілейді, содан кейін Мемлекеттік корпорацияға не өзге де үйымдарға сұраныс жіберу арқылы олардың тізімдері қалыптастырылады.";

4) көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 5-тармағы келесі редакциядағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) 25 қазан - Республика күні:

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға - 20 000 (жиырма мың) теңге;".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихаттың төрағасы*

*З. Оспанова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК